



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 6 - кіреберіс
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

010000, город Астана, пр. Мәңгілік Ел, 8
Дом Министерств, 6 подъезд
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

05.04.2018-ғы № 05-2-16/59-Д шығыс хаты

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» және «Халық коммунистері»
партиялары фракцияларының депутаттарына

2018 жылғы 2 ақпандағы
№ ДЗ-33 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ерікті түрде қоныс аударуға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды

Жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік диспропорция мен демографиялық теңгерімсіздікті жою мақсатында Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) үшінші бағыты шеңберінде жұмыс күші тапшы өңірлерге (*Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары*) жұмыс күші мол өңірлерден (*ОҚО, Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарынан*) ерікті түрде қоныс аудару қарастырылады.

Өңіраралық ерікті түрде қоныс аударуға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген қоныс аударушылар мен оралмандарды қабылдаудың өңірлік квоталарына қосылған адамдар және олардың отбасы мүшелері болып табылады.

Бүгінде ерікті түрде қоныс аударуға мемлекеттік қолдау көшуге субсидия (*әр адам басына 35 АЕК*) және тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуді (*ай сайын он екі айға дейін, тұрғылықты жері мен отбасы мүшелері санына қарай 15-30 АЕК*) қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 882 қаулысымен 2017 жылғы 26 желтоқсанда Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оның ішінде ерікті түрде қоныс аудару бөлігінде қосымша мемлекеттік қолдауларды ұсыну бойынша:

Қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге 450 АЕК (*1 082 250 тг.*) көлемінде субсидиялар беру;

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 100 АЕК-ке дейін (240 500 тг.) мемлекеттік гранттар беру енгізілді.

2017 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге 408 отбасы (1 577 адам) қоныстанды.

Қоныс аудару сәтіне дейін қабылдаушы өңірлер әлеуетті қоныс аударушыларды жұмыс берушілер, кәсіптер, мамандыққа қойылатын талаптар, сондай-ақ еңбек жағдайларын көрсете отырып, жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Бүгінде шығу өңірлерінің халықты жұмыспен қамту орталықтарында келу өңірлеріндегі бос жұмыс орындарының тізімі тұрақты түрде өзектендіріліп отырады. Өңіраралық ерікті түрде қоныс аударуға қатысуға ниет білдіргендер тұрғылықты жері бойынша келу өңірлеріндегі бос жұмыс орындары туралы мәлімет ұсынылатын шығу өңірінің халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді.

Бұдан бөлек, enbek.kz электрондық еңбек биржасы сайтында құқық қорғау органдарындағы бос жұмыс орындарынан басқа, барлық өңірлердегі бар бос жұмыс орындары бойынша ақпарат орналастырылған.

Барлық меншік құқықтағы жұмыс берушілер, оның ішінде мемлекеттік мекемелер де кадрларға қажеттілік туралы ақпаратты орналастыру үшін сайтқа еркін кіруге мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде enbek.kz порталында барлығы 147 884 бос жұмыс орны, оның ішінде солтүстік өңірлер бойынша 15 609 бос жұмыс орындары орналастырылған. Оның ішінде мемлекеттік қызмет бойынша – 20 бос жұмыс орны.

Келу өңірлеріне қоныс аударған азаматтар, мемлекеттік органдар бос лауазымдарға орналасуға өткізетін конкурстарға өз бетінше қатыса алады. Бұл ретте, қоныс аударушыға жұмысқа орналасқан ұйымның меншік нысанына қарамастан, барлық мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.

Министр

М. Әбілқасымова

*Орынд. А. Әмит
Тел.74-35-24*

**Депутатам фракции ДПК «Ак жол» и
партии «Народные коммунисты»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

*На депутатский запрос
от 2 февраля 2018 года № ДЗ-33*

Уважаемые депутаты!

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан рассмотрев депутатский запрос касательно добровольного переселения, сообщает следующее.

С целью обеспечения трудодефицитных регионов рабочей силой, устранения региональных диспропорций и демографических дисбалансов в рамках третьего направления Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства (далее – Программа) по повышению трудовой мобильности предусмотрено добровольное переселение из трудоизбыточных областей (*Алматинская, Жамбылская, Кызылординская, Мангистауская, Южно-Казахстанская области*) в трудодефицитные области (*Павлодарская, Костанайская, Северо-Казахстанская область, Восточно-Казахстанская области*).

Участниками добровольного межрегионального переселения являются лица и члены их семей, включенные в региональную квоту приема переселенцев и оралманов, утвержденную в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

На сегодня государственная поддержка добровольного переселения включает предоставление субсидий на переезд (*35 МРП на каждого члена семьи*) и возмещение расходов по найму жилья и оплате коммунальных услуг (*ежемесячно в течение двенадцати месяцев, от 15 до 30 МРП в зависимости от местности и количество членов семьи*).

Кроме того, Постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 декабря 2017 года № 882 внесены изменения и дополнения в Программу, в том числе в части добровольного переселения по предоставлению дополнительных мер государственных поддержки:

- предоставление субсидий работодателям, оказывающим содействие в переселении в размере 450 МРП (*1 082 250 тг.*);

- предоставление государственных грантов для реализации новых бизнес-идей до 100 МРП (*240 500 тг.*);

По итогам 2017 года из трудоизбыточных регионов в трудодефицитные регионы переселилось 408 семей (1 577 чел.).

До момента переселения, принимающая сторона обеспечивает информацией потенциальных переселенцев о возможностях трудоустройства, с указанием работодателей, профессий, требований к специалистам, а также условий работы.

На сегодня в центрах занятости населения регионов выбытия на регулярной основе актуализируется перечень свободных вакансий регионов прибытия. Претенденты, желающие принять участие в добровольном межрегиональном переселении, обращаются по месту жительства в центры занятости населения регионов выбытия, где им предоставляется информация о свободных вакансиях в регионах прибытия.

Вместе с тем, на сайте электронной бирже труда enbek.kz размещена вся информация по имеющимся вакансиям всех регионов, кроме свободных вакансий правоохранительных органов.

Работодатели всех форм собственности, в том числе государственные учреждения, имеют свободный доступ на сайт для размещения информации о потребности в кадрах.

На сегодня на портале enbek.kz всего размещено 147 884 вакансий, в том числе в северных регионах 15 609 вакансий, из них 20 вакантных рабочих мест по государственной службе.

Граждане, переселившиеся в регионы прибытия, могут самостоятельно участвовать в конкурсах на занятие вакантных должностей, проводимые государственными органами, при этом переселенцам предоставляются все меры государственной поддержки независимо от форм собственности организации трудоустройства.

Министр

М. Абылкасымова

Исп. А. Әмит
Тел. 74-35-24